Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрлігі

«Ұлттық аграрлық ғылыми-білім беру орталығы»
коммерциялық емес акционерлік қоғамы

«ОҢТҮСТІК-БАТЫС МАЛ ЖӘНЕ ӨСІМДІК ШАРУАШЫЛЫҒЫ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ИНСТИТУТЫ»
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Министерство сельского хозяйства
Республики Казахстан

Некоммерческое акционерное общество
«Национальный аграрный научно-образовательный центр»

Товарищество с ограниченной ответственностью
«ЮГО-ЗАПАДНЫЙ НАУЧНО-ИССЛЕДОВАТЕЛЬНСКИЙ ИНСТИТУТ ЖИВОТНОВОДСТВА И РАСТЕНИЕВОДСТВА»

БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

№ 50-н/қ 06.11.26ж

Шымкент қаласы

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының 8-бабы 5-тармағына, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы № 12 бұйрығымен бекітілген Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына сәйкес, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және жою мақсатында БҰЙЫРАМЫН:

1. «ОБМжӨШҒЗИ» ЖШС-де 2026 жылғы 1 қаңтардан 31 қазанға дейінгі кезең үшін сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізілсін.

2. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу мерзімі 2026 жылғы «06» қарашадан «07» желтоқсанға дейін болып белгіленсін.

3. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу жөніндегі жұмыс тобы мынадай құрамда бекітілсін:

Жұмыс тобының төрағасы:

Қозыбақов Б.Б. — «ОБМжӨШҒЗИ» ЖШС өндіріс жөніндегі директоры.

Жұмыс тобының мүшелері:

Абдазимов Н.Ж. — сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-офицер;

Сартаев А.Е. — «ОБМжӨШҒЗИ» ЖШС құрылымдық бөлімшесінің өкілі.

4. Жұмыс тобы сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдауды мынадай бағыттар бойынша жүргізсін:

1. «ОБМжӨШҒЗИ» ЖШС қызметін реттейтін нормативтік құқықтық актілерде, ішкі құжаттарда және ұйымдастырушылық-өкімдік құжаттарда сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;

2.«ОБМжӨШҒЗИ» ЖШС-нің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінде, оның ішінде мынадай салаларда сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау:

- персоналды басқару және кадрлық жұмысты жүргізу;
- мүдделер қақтығысын реттеу;
- мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру;
- шарттарды жасасу және орындау;
- қаржы-шаруашылық қызметті жүргізу;
- басқарушылық шешімдер қабылдау;
- жеке және заңды тұлғаларға қызмет көрсету;
- мүлікке және материалдық құндылықтарға билік ету;
- ұйым қызметінің өзге де бағыттарын жүзеге асыру.

5. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау барысында:

- «ОБМӨШҒЗИ» ЖШС қызметіне қатысты құжаттар мен мәліметтер зерделенсін;
- ұйым қызметкерлеріне сауалнама немесе сұхбат жүргізілсін;

- қызметкерлердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді сақтауына тексеру жүргізілсін;
- мүдделер қақтығысының ықтимал фактілері және оларды реттеу бойынша қабылданған шаралар туралы мәліметтер зерделенсін;
- сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне неғұрлым бейім лауазымдар айқындалып, олардың тізбесі жасалсын;
- анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою немесе барынша азайту жөнінде ұсыныстар дайындалсын.

6. «ОБМӨШҒЗИ» ЖШС құрылымдық бөлімшелерінің басшылары:

1. жұмыс тобына қажетті құжаттардың, материалдардың және анық ақпараттың ұсынылуын қамтамасыз етсін;
2. талдау жүргізу кезінде жәрдем көрсетсін;
3. тиісті бөлімшелердің қызметіне қатысты мәселелер бойынша түсініктемелер берсін.

7. Жұмыс тобы сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген ішкі талдау қорытындысы бойынша:

1. жүргізілген талдау нәтижелері туралы талдамалық анықтама дайындасын;
2. талдамалық анықтамада анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін, олардың туындау себептері мен жағдайларын көрсетсін не сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің анықталмағанын атап өтсін;
3. сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне бейім лауазымдардың тізбесін ұсынсын;
4. сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жағдайда сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою немесе барынша азайту жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлесін;
5. қорытынды құжаттарды 2026 жылғы «08» желтоқсанға дейін «ОБМӨШҒЗИ» ЖШС басшысына ұсынсын.

8. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-офицер жұмыс тобының мүшелері мен құрылымдық бөлімшелер басшыларының осы бұйрықпен танысуын қамтамасыз етсін.

9. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Басқарма Төрағасы **С. Султанханов**